

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2026 жылғы 19 маусымдағы № ДС-217 хатқа

### Құрметті депутаттар!

Студенттік жатақханалар салу мәселелері бойынша сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2018 – 2025 жылдар кезеңінде 72 125 орындық 281 жатақхана салынды (реконструкцияланды) және пайдалануға берілді, оның ішінде ЖОО студенттері үшін – 51 323 орындық 182 жатақхана, колледж студенттері үшін – 20 802 орындық 99 жатақхана.

Жұмыс мемлекеттік және жеке қаржыландыру көздерін, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (МЖӘ) тарту арқылы, оның ішінде мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігін іске асыру арқылы жүргізіледі (ҒЖБМ-ның 4.01.2023 ж. № 1 бұйрығы).

Бұл 2018 жылдан бері жатақханалардағы орын тапшылығын 83,6 %-ға (2018 жылы – 61,4 мың орын) қысқартуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде Орындардың болжамды тапшылығын анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдарға<sup>1</sup> сәйкес 2026 жылдың басында орын тапшылығы 10,1 мың орынды құрады (жоғары оқу орындарында 5 176 орын және колледждерде 4,9 мың орын).

Бұл ретте Жоғары аудиторлық палатаның (бұдан әрі – ЖАП) нұсқамасын пысықтау барысында 33 мың орын тапшылығы бойынша деректер расталған жоқ.

2026 жылға арналған жоспарда 18 жатақхананы (ЖОО студенттері үшін 5 366 орынға арналған 11 жатақхана және колледж студенттеріне арналған 1 491 орындық 7 жатақхана) пайдалануға беру көзделген.

Мемлекеттік және жеке жоғары оқу орындары студенттерінің жатақханалармен қамтамасыз етілуін есепке алу бойынша бірыңғай ұлттық цифрлық платформа құру туралы

<sup>1</sup> Ғылым және жоғары білім министрлігінің және Оқу-ағарту министрлігінің 2025.12.11 № 567 және № 280 бірлескен бұйрығымен бекітілген

Жұмыс орталықтандырылған мониторинг жүргізу және тұратын студенттердің мәртебесін растау үшін «StudDom» АЖ-ны «Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы» АЖ-мен және жоғары оқу орындарының білім беру ақпараттық жүйелерімен интеграциялау жолымен (26.12.2025 ж. №333-1-Н) ЖАП нұсқамасын іске асыру шеңберінде жүргізіледі. Жоспарланған аяқтау мерзімі – 2026 жылғы желтоқсан.

*Жоғары оқу орындары қызметінің тиімділігін бағалау жүйесіне студенттердің тұрғын үймен қамтамасыз етілу көрсеткіштерін енгізу туралы*

Біліктілік талаптарына<sup>2</sup> сәйкес жоғары оқу орындары оқу кезеңінде тұрғын үймен (жатақханалармен/хостелдермен/қонақ үйлермен) қамтамасыз етуді қажет ететін барлық (немесе 100 %) білім алушылар үшін жағдай жасауға міндетті. Сондай-ақ жоғары оқу орындары мен колледждердің қызметі бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтары шеңберінде орынға мұқтаж студенттерді жатақханалармен қамтамасыз етпеу мәселесі «өрескел бұзушылық»<sup>3</sup> қаупі ретінде айқындалған.

Бұл шараны іске асыру жоғары оқу орындарының әлеуметтік инфрақұрылымына қойылатын талаптарды арттыруға және студенттердің өмір сүру жағдайларын объективті түрде бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

*Студенттік жатақханаларды салуға және жаңғыртуға инвестицияларды жүзеге асыратын ЖОО-лар мен инвесторлар үшін салықтық жеңілдіктерді қоса алғанда, ынталандыру тетіктері, студенттік жатақханаларды салу саласындағы МЖӘ тетіктерінің тиімділігіне талдау жүргізу және инвесторлар үшін қосымша ынталандыру шараларын әзірлеу туралы*

Инвесторларды ынталандыру мақсатында мемлекеттік тапсырыстың құны мен мерзімдерін қайта қарау мәселесін қоса алғанда, 2023 жылдан бастап бірқатар шаралар іске асырылды, бұл студенттік жатақханалардың құрылысына қосымша инвестиция тартуға мүмкіндік берді.

**Анықтама:** ынталандыру шеңберінде:

Алматы қаласы үшін орналастыру мерзімін 8 жылдан 6 жылға дейін қысқарта отырып (бұл мерзім мен мөлшер 01.01.2023 ж. бастап енгізілген жатақханалар үшін қолданылады) жатақхана салу кезінде 144 АЕК-тен 230 АЕК-ке дейін, басқа өңірлер үшін 122 АЕК-тен 195 АЕК-ке дейін;

Алматы қаласындағы ғимараттарды жатақхана етіп реконструкциялау кезінде 92 АЕК-тен 182 АЕК-ке дейін (бұл мөлшер 01.01.2024 ж. бастап енгізілген жатақханалар үшін жарамды).

Сондай-ақ Алматы қаласында Азия даму банкімен бірлесіп МЖӘ тетігі бойынша Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық инновациялық техникалық университеті үшін 3 972 орынға 5 жатақхана салу жобасы іске асырылуда.

<sup>2</sup> Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген

<sup>3</sup> Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігінің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 260 және 2024 жылғы 7 маусымдағы № 30, Білім Министрлігінің және Ұлттық экономика министрлігінің 2024 жылғы 27 мамырдағы № 121 және 2024 жылғы 28 мамырдағы № 26 бірлескен бұйрықтарымен бекітілген

*Әкімдіктердің қызметін бағалау көрсеткіштеріне студенттік жатақханалар салуға жер учаскелерін бөлу және сұранысы жоғары өңірлер үшін арнайы жоспар әзірлеу мәселелерін енгізу туралы*

Бүгінгі күні заңнамада жатақхана салуға заттай грант ретінде жер учаскелерін беру көзделген. Студенттік жатақханалардың құрылысы басым инвестициялық жобалар қатарына жатқызылды, бұл жергілікті атқарушы органдарға инвестицияларды мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде неғұрлым қолайлы жағдайларда жер учаскелерін беруге мүмкіндік береді.

*Анықтама: 2023 жылғы қаңтарда «Тұру үшін басқа да орындармен қызметтер көрсету» 55.90 қызмет түрі «Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысына енгізілген.*

Өңірлер бөлінісіндегі орындардың тапшылығы сараланған сипатқа ие және негізінен Алматы қаласында орын тапшылығы 2026 жылы сақталуда. Осыған байланысты бүгінгі күні аталған көрсеткіштерді әкімдіктердің қызметін бағалауға енгізудің қажеті жоқ.

*Халықаралық тәжірибені ескере отырып, Студенттік тұрғын үйді дербес инвестициялық бағыт ретінде дамыту үшін нормативтік құқықтық базаны әзірлеу және жетілдіру туралы*

Студенттік тұрғын үй құрылысының мәселелері «Білім туралы» Заңмен, сондай-ақ Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктерінің құқықтық актілерімен реттеледі (ҰЭМ-нің 4.01.2023 ж. № 1, 30.12.2024 ж. № 605 бұйрықтары, ҰЭМ-нің 16.06.2025 ж. № 52, ОМ-ның 14.09.2018 ж. № 464 және мемлекеттік тапсырысты бөлу және сату МЖӘ регламенттейтін бұйрықтары және т. б.).

Осылайша, студенттік тұрғын үйді дамыту үшін қажетті нормативтік құқықтық база құрылды, жұмыс белгіленген тәртіппен жалғасатын болады.

*Студенттік жатақханаларда тұрудың қауіпсіздігі мен сапасының ұлттық стандарттарын бекіту, олардың сақталуына тұрақты мониторинг тетіктерін енгізу туралы*

Студенттік жатақханаларда тұрудың қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету мәселелері заңнамамен, сондай-ақ «Әкімшілік және тұрғын үйлерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен<sup>4</sup>, Адамдарды, мүлікті, қоғамды және мемлекетті өрттен қорғау мақсатында, оның ішінде жатақхана ғимараттары үшін өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін айқындайтын өрт қауіпсіздігі қағидаларымен<sup>5</sup> реттеледі.

Сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдармен<sup>6</sup> қауіпсіз тұру жағдайларын жасау бойынша міндетті шаралар көзделген. Дабыл түймелерінің, бейнебақылау жүйелерінің, өрттен қорғау құралдарының болуын және санитарлық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормалардың сақталуын қоса алғанда, студенттердің қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше назар аударылады.

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022.06.16 № ҚР ДСМ-52 бұйрығы

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің 2022.02.21 № 55 бұйрығы

<sup>6</sup> Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің 19.12.2023 ж. № 640 бұйрығы

Жоғары оқу орындары жалға берілетін жатақханалар мен хостелдердің иелерімен тұрақты негізде жұмыс жүргізеді. Шарт жасасқанда дабыл түймелерінің, бейнебақылау жүйелерінің, өрттен қорғау құралдарының болуын және санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормалардың сақталуын қоса алғанда, студенттердің қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

**О. Бектенов**